**Ақтөбе облыстық мамандандырылған «Білім-инновация» лицей – интернатындағы психологиялық қызмет жұмысының жылдық есебі**

**2024-2025 оқу жылы**

Дарынды жасөспірімдерге арналған Ақтөбе облыстық мамандандырылған «Білім-инновация » лицей – интернатында педагог – психолог-1 /К.К.Жантикенова/, психология мамандығы бойынша еңбек өтілі - 20 жыл, педагог – сарапшы.

| Білім беру ұйымының атауы | барлығы | Психолог саны | Оның ішінде | | Санат бойынша | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Магистр | жоғары | Педаг-зерттеуші | Педагог-сарапшы | Педагог-модератор | педагог |
| **Педагог-психолог** | | | | | | | | |
| **ДЖААОМБИЛИ** | Психолог | 1 | 0 | 1 | 0 | 1 | 0 | 0 |

**Психологиялық жұмысты есепке алудың электронды журналы негізінде 250 білім алушы тіркелді.**

**«Тәуекел топ» білім алушылар**

| Аудан | Контингент саны | Білім беру ұйымдарындағы қызметкерлер саны (Педагог саны) | **Мобильді топ бойынша (Тәуекелтобы; мобильдібақылау, мобильдіқолдаудағы) білімалушы** | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Әлеум. санаты | Тәртібі мен мінез-құлықерекшелігі | Психологиялық диагностика қорытындысы б/ша (Кондаш, Спилбергер сұрақнамасы) | Медициналық диагнозы бойынша |
| **ДЖААОБИЛИ** | 250 | 35 | 0 | 0 | 0 | 2 |

**Білім беру ұйымының педагог-психологы жаңа оқу жылының басынан бері диагностика -14 , түзету дамыту - 12, профилактика- 6, кеңес беру - 82 жұмыстары жүргізді.**

**Психологиялық қызмет бағыттары бойынша жүргізілген жұмыстардың электронды журналдағы көрсеткіші**

| **Психологиялық диагностика** | **Түзету – дамыту жұмысы** | **Профилактика және ағарту жұмысы** | **Кеңес беру** |
|---|---|---|---|
| 14-72 | 12 | 6 | 82 (7-11) |

**Психологиялық қызмет бағыттары бойынша анықтамалық есеп**

| **№** | **Класс \литер** | **Психодиагностикалық бағыт** | **Қатысқан оқушы саны** | **Ескеру** |
|---|---|---|---|---|
| **1** | **7 «А,Б» класс** | **«Темперамент» тесті** | **Оқушылар -50**<br>• 7 «А» класс-25<br>• 7 «Б» класс-25 | 2024 жылдың қыркүйек айының 13 күні 7 «А,Б» оқушыларына темпераментті анықтау мақсатында «Темперамент» тесті жүргізілді. Нәтижесінде 7"А"класта: «сангвиник» типіндегі оқушы-50%, «холерик» типіндегі оқушы-4% «флегматик» типіндегі оқушы - 42%, «меланхолик» типіндегі оқушы-4% екені анықталды.<br>7"Б"класта «сангвиник» типіндегі оқушы-54%, «холерик» типіндегі оқушы-0% «флегматик» типіндегі оқушы-46%, «меланхолик» типіндегі оқушы-0% екені анықталды. Темперамент ерекшеліктеріне сәйкес оқушыларға кеңестер, ұсыныстар берілді. |
| **2** | **7 «А,Б» класс** | **«Социометрия» әдістемесі** | **Оқушылар -50**<br>• 7 «А» класс-25<br>• 7 «Б» класс-25 | 2024 жылдың қыркүйек айында класс ұжымы ішіндегі әлеуметтік статусты анықтау, сондай – ақ лидерлікке бейімділік қабілеттерін анықтау мақсатында «Социометрия» әдісі өткізіліп, қорытындыланды. Нәтижесін ескере отырып, оқушылардың өз әрекеттері мен мінез – құлқына баға беріп, тиімді қарым – қатынас жасау жолдарын меңгеруіне түзету – дамыту жұмысы өтілді. |
| **3** | **7 «А,Б» класс** | **«Таным процестері»** | **Оқушылар -50**<br>• 7 «А» класс-25<br>• 7 «Б» класс-25 | 2024 жылдың қыркүйек айының 16-20 аралығында «Таным процестерін зерттеу» аясында 7 "А,Б" класс оқушыларына естің түрлерін зерттеу әдістемесі өткізілді. Зерттеу нәтижесінде жалпы класс оқушыларының дыбыстық есте сақтауы мен көріп есте сақтауы, дауыстап айтылып, бәрін бірге қайталауға бағытталған моторлы–дыбыстық және құрастырылған есте сақтауы жақсы екенін көруге болады. 7"А,Б" класс бойынша зерттеу нәтижесіндеестің түрлерінің деңгейлерін дамыту үшін дамыту – түзету жұмыстары өтілді. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **4** | **9 класс** | **Edunavigator.kz платформасы арқылы кәсіби бағдар беру диагностикасы** | **Оқушылар -49** | Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығының **«Мамандығым-болашағым» жобасы** және Ақтөбе облысының білім басқармасы, Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы **"Болашаққа жолдама" облыстық кәсіби бағдар беру жобасы**аясында 2024 жылдың қазан айының 1 жұлдызында 9 сынып оқушылары Edunavigator.kz платформасы арқылы кәсіби бағдар беру диагностикасынан өтті.Диагностика арқылы оқушылар болашақтағы кәсіптік бағыттарын анықтады. |
| **5** | **7 класс** | **Мазасыздық деңгейі Кондаш әдістемесі** | **Жалпы саны-50**<br>• 7 «А,Б» класс-50 | 2024 жылдың қазан айында оқушылардың психоэмоционалды күйлері: мазасыздық деңгейлері Кондаш әдістемесі 7 класс, Спилбергер сұрақнамасы негізінде 8-11 класс оқушылары аралығындазерттеліпіп, жекеленген оқушылармен сұхбат жүргізілді, шекті мәннен тым жоғары оқушылар тобы анықталмады, десек те, барлық оқушыларға психоэмоционалды күйді қалыпты ұстауға кеңестер, ұсыныстар берілді. |
| **6** | **8-11 класс** | **Мазасыздық деңгейі Спилбергер сұрақнамасы** | **Жалпы саны-147**<br>• 8 класс -52<br>• 9 класс -49<br>• 10«А,Б» класс-53<br>• 11«А,Б» класс-52 | |
| **7** | **7 «А,Б» және 10 «А,Б» класс** | **Мектеп мотивациясын тексеруге арналған сауалнама /А.С.Мамбеталина бойынша/** | **Жалпы -103**<br>• 7 «А,Б» класс -50<br>• 10 «А,Б» класс-53 | 2024 жылдың қараша айында 7 А,Б» және 10 «А,Б» сынып оқушыларына «Мектеп мотивациясы» тесті /А.С.Мамбеталина бойынша/ өтіліп, қорытындыланды. Мектеп мотивациясының динамикасын бағалау нәтижесінде танымдық, жетістікке жету, әлеуметтік, сәтсіздіктерді болдырмау мотивацияларының айқындығы бағаланды. |
| **8** | **7-11 класс** | **«Мен және менің құқығым» сауалнамасы** | **7-11 класс оқушыларынан қатысқандар саны-250** | 2024 жылдың қараша айында «Мен және менің құқығым» сауалнамасы 7-11 класс оқушыларына жүргізілді. Сауалнама нәтижесінде оқушылардың тыйым салынған заттар, ішкі тәртіпті сақтау т.б. туралы ережелермен танысқандығы және лицей инспекторының, құқық қорғау мамандарының дәрісін тыңдағандығы анықталды, құқық бұзылған жағдайда көмекке жүгіне алатындықтарын атап көрсетті.<br>Бала түнгі уақытта тұрғылықты мекен жайынан жырақта заңды өкілдерінің сүйемелдеуінсіз өзібола алмайтындығын білетіндері нақтыланды. Балаларға қосымша құқықбұзушылықты болдырмауға кеңестер берілді. |
| **9** | **7-11 класс** | **«Буллинг» сауалнамасы** | **7-11 класс оқушыларынан қатысқандар саны-250** | 2024 жылдың қараша айында «Буллинг» сауалнамасы 7-11 класс оқушыларына жүргізілді. Сауалнама сұрақтары негізінде лицей – интернат оқушылары «Буллинг» туралы хабардар екенін және «Буллинг» адамды мазақтау, қорлау, соқтығысу, оның ақшасын, не басқа заттарын тартып алу, оларды бүлдіру, ренжітетін, жаман әзіл айтып, басқа адамдардың алдында ыңғайсыз жағдайға қою, қоқан-лоқы көрсету немесе қорқыту екенін сауалнамада толық белгілеп көрсетті.<br>Сонымен қатар, кибербуллинг туралы да білімдері бар екені де нақтыланды. Қажет кезінде ата – анадан, құқық қорғау мамандарынан, психолог, ұстаздарынан, достарынан көмек алатындығын жеткізді.<br>Сауалнама соңында қосымша оқушыларға буллинг, кибербуллинг туралы ақпарат беріліп өтілді. |
| **10** | **7 «А,Б» класс** | **Гарднердің көптік интеллект тесті** | **Оқушылар -50**<br>• 7 «А» класс-25<br>• 7 «Б» класс-25 | 2024 жылдың желтоқсан айында Гарднердің көптік интеллект тесті 7 «А,Б» класс оқушыларына жүргізілді. Диагностика қорытындысында класта табиғи және рухани, музыкалық, логикалық, тұлғааралық, моторлы-қозғалыс, вербалды – лингвисткалық, тұлғаішілік, визуалды-кеңістіктік, ақындық, әртістік, аспаздық, спорттық, математикалық және зерттеушілік интеллектілі оқушылар бар екені анықталды.<br>Анықталған интеллект типтеріне қарай оқушылар лицей – интернаттың «Алтын балалар» дарынды балалар жұмысына қамтылды. |
| **11** | **7-11 класс** | **Е. А. Климов сауалнамасы** | **Жалпы саны -250**<br>/7-11 класс барлық оқушылар қатысты/ | 2025 жылдың қаңтар айында тұлғаның кәсіптік – бағдарлық бағыттылығын анықтау мақсатында 7-11 класс оқушыларына Е. А. Климов сауалнамасы өткізіліп, оқушылардың кәсіптік – бағдарлық бағыттылығы анықталып, кәсіби бағыт беру аймағында кеңес жұмыстары жүргізілді. |
| **12** | **7 класс** | **Мазасыздық деңгейі Кондаш әдістемесі** | **Жалпы саны-50**<br>• 7 «А,Б» класс-50 | 2025 жылдың наурыз-сәуір айларында оқушылардың психоэмоционалды күйлері: мазасыздық деңгейлері Кондаш әдістемесі 7 класс, Спилбергер сұрақнамасы негізінде 8-11 класс оқушылары аралығындазерттеліпіп, жекеленген оқушылармен сұхбат жүргізілді, шекті мәннен тым жоғары оқушылар тобы анықталмады, десек те, барлық оқушыларға психоэмоционалды күйді қалыпты ұстауға кеңестер, ұсыныстар берілді. |
| **13** | **8-11 класс** | **Мазасыздық деңгейі Спилбергер сұрақнамасы** | **Жалпы саны-206**<br>• 8 класс -52<br>• 9 класс -49<br>• 10«А,Б» класс-53<br>• 11«А,Б» класс-52 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **14** | **7-11 класс** | **Капустин әдістемесі** | **Жалпы саны - 250**<br>/7-11 класс барлық оқушылар қатысты/ | 2025 жылдың сәуір айында оқушылардың тәрбиелік деңгейлерін зерттеу мақсатында Капустин әдістемесі класс тәрбиешілері тарапынан 7-11 класс аралығында өтіліп, қорытындыланды. Нәтижесінде, оқушылардың тәрбиелік деңгейлері арта түскені көрінді. Биылғы жылы лицей – интернатта тәрбие жұмысы «Ата – аналарды педагогикалық қолдау орталығы», «Даналық мектебі» клубы, «Ата – аналар жексенбілігі», «Әкелер кеңесі» аясында ұйымдастырылып, ата – аналардың шебер – сыныптарымен ерекшеленіп, жалғасын тапты. Әрбір кластарда түрлі тақырыптарда тәрбиелік шаралар үздіксіз және белсенді түрде өтілді. Лицей – интернат ішінде ата – ана, оқушы, мұғалім үштік одағы жұмысы белсенді жұмыс жасады. |
| **Түзету - дамыту жұмыстары бойынша мәлімет** | | | | |
| **№** | **Класс \литер** | **Түзету - дамыту жұмыстары** | **Қатысқан оқушы саны** | **Ескеру** |
| **1** | **7 "А,Б" класс** | **"Жаңа орта-жаңа таныстық!" тақырыбында психологиялық тренинг** | **Оқушылар -50**<br>• 7 «А» класс-25<br>• 7 «Б» класс-25 | **2024 жылдың қыркүйек айының 9-10 жұлдызында 7"А,Б" класс оқушыларымен "Жаңа орта-жаңа таныстық!" тақырыбында психологиялық тренинг өтті.**<br>**Мақсаты:** оқушылардың жаңа ортаға бейімделуіне мүмкіндік беру, өзіндік жеке тұлғалық ерекшеліктері мен бойларындағы жақсы қасиеттерді тану, достық қарым-қатынасты нығайту.<br>Тренинг аясында оқушыларда бірлесіп жұмыс жасау, жақсы қарым-қатынас пен көңіл-күй, өз бойларындағы тұлғалық қасиеттерді танып, өзара достық ниет пен жағымды атмосфера қалыптасты. |
| **2** | **7 "А,Б" класс** | **"НЕЙРОЖАТТЫҒУ", "ШУЛЬТЕ КЕСТЕСІ", "СТРУП-ТЕСТ" психологиялық дамыту сабағы** | **Оқушылар -50**<br>• 7 «А» класс-25<br>• 7 «Б» класс-25 | **2024 жылдың қазан айында 7 «А», «Б» класс оқушыларына таным үрдістерін жетілдіруге бағытталған "НЕЙРОЖАТТЫҒУЛАР", "ШУЛЬТЕ КЕСТЕСІ", "СТРУП-ТЕСТ" психологиялық дамыту сабағы өткізілді.**<br>**Мақсаты:** ауқымды көру техникасын және ес, зейін, қабылдау және ақыл-ойды дамыту.<br>Оқушылар жаттығуларды үлкен қызығушылықпен орындады, барлық берілген тапсырмаларға өте жоғары белсенділікпен қатысты, танымдық үрдістерін: ес, зейін, қабылдау, ойлауды дамытуға мүмкіндік алды. |
| **3** | **7 "А,Б" класс** | **"Relax day" тақырыбында арттерапия** | **Оқушылар -50**<br>• 7 «А» класс-25<br>• 7 «Б» класс-25 | • **2024 жылдың қазан айында 7 «А», «Б» класс оқушыларына "Relax day" тақырыбында арттерапия өтті.**<br>**Мақсаты:**оқушыларға жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру, өзара әрекеттесудің топтық және тұлғааралық қарым-қатынастарын нығайту, ішкі жан әлемінің үйлесімді дамуын және шығармашылық ойлау мен қиялды дамыту.Оқушылар ұйымдастырылған арттерапияға өте жоғары белсенділікпен, қызығушылықпен қатысты.Арттерапия арқылы оқушыларда жағымды көңіл-күй қалыптасып, жасаған жұмыстарына көңілдері толып, бір-біріне қолдау, ризашылық білдірді және топта өзара бірлескен қарым-қатынас нығая түсті. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **4** | **9,10,11 класс** | **«Өмір сабақтары» тақырыбында психологиялық түзету – дамыту жұмысы** | **Жалпы саны - 154**<br>• 9 А,Ә класс -49<br>• 10 «А» класс-26<br>• 10 «Б» класс-27<br>• 11 «А» класс-25<br>• 11 «Б» класс-27 | • **2024 жылдың қараша айының 20-28 жұлдызы аралығында «ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП» айлығы аясында 9,10,11 сынып оқушылары үшін «Өмір сабақтары» тақырыбында психологиялық түзету – дамыту жұмысы өткізілді.**<br>**Мақсаты:** оқушыларға өмір ұғымын түсіндіре отырып, құқықбұзушылықтың, буллингтің алдын алу мақсатында өмірде кездесетін әртүрлі жағдайлар туралы ақпарат беру, балалардың өмірге деген құштарлығын, қызығушылығын ояту.<br>Түзету – дамыту жұмысынан оқушылар өмірлік бағыт – бағдар және маман тарапынан психологиялық кеңестер алды. |
| **5** | **8 класс** | **«Өмір сабақтары» тақырыбында психологиялық түзету – дамыту жұмысы** | **Оқушылар - 52** | • **2024 жылдың қараша айының 29 жұлдызында 8 класс оқушыларына «ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП» айлығы аясында өмір ұғымын түсіндіре отырып, құқықбұзушылықтың, буллингтің алдын алу мақсатында өмірде кездесетін әртүрлі жағдайлар туралы ақпарат беру мақсатында «Өмір сабақтары» тақырыбында психологиялық түзету – дамыту жұмысы өткізілді.**<br>Оқушылар өмір адамға маңызды және адамзаттық құндылықтарды жүзеге асыру үшін берілетінін, тұлға ретінде құқықтық жауапкершілікті сезініп, өмірді бағалау керек екенін ұғынды. |
| **6** | **7-11 класс** | **«Эмоционалды интеллект»** | **Жалпы саны - 102**<br>/7-8 класс барлық оқушылар қатысты/ | • **2024 жылдың қазан айының 10-15 аралығында лицей – интернат оқушылары үшін «Эмоционалды интеллект» тақырыбында воркшоп өтті.**<br>**Мақсаты:** Оқушылардың эмоционалды интеллектісін дамыту жолдарымен таныстыра отырып, өмірдегі маңыздылығын ұғындыру. Бойындағы мықты жақтары мен әлсіз тұстарын біліп, дамыту. |
| **7** | **7-8 класс** | **«TEAMWORK» командамен жұмыс тақырыбында воркшоп** | **Жалпы саны - 102**<br>/7-8 класс барлық оқушылар қатысты/ | • **2024 жылдың қазан айында «TEAMWORK» командамен жұмыс тақырыбында воркшоп өтті.**<br>**Мақсаты:**Оқушылардың бойындағы командамен жұмыс жасай алу қабілеттерін дамыту, лидерлік қабілеттерін жетілдіру , ауызбіршілікке, татулыққа, басқалардың сөзін, эмойияларн қабылдап түсіне білуге, солардың орнына өздерін қоя білуге баулу.<br>. |
| **8** | **7 класс** | **ДОСБОЛLike акциясы** | **Жалпы саны - 50**<br>/7 класс оқушылар қатысты/ | 2025 жылдың қаңтар айының 21 жұлдызында ДОСБОЛLike акциясы аясында лицей-интернатта "Достық тілек" айдары ұйымдастырылды.<br>Оқушылар арнайы тақтаға өздерінің жүрек жарды тілектерін жазды. |
| **9** | **7 класс** | **«Позитивті ой жетістікке жетелер жол» тақырыбындағы воркшоп** | **7 класс Жалпы саны -50** | 2024 жылдың қараша айының 19-шы жұлдызында жоспарға сәйкес оқушыларға «Позитивті ой жетістікке жетелер жол» тақырыбында воркшоп жүргізілді.<br>Мақсаты: Оқушыларды позитивті ойлай білуге, негативті ойдан позитив таба білуге баулу, олардың өмірдегі маңыздылығын ұғындыру. Эмоционалды интеллектінің маңызды компоненттерінің бірі ретінде таныстырылып, маңыздылығына тоқталып , басқада түрлеріне кеңірек тоқталып өтілді. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **10** | **7-9 класс** | **«Стресс менеджмент»** | **7-9 класс Жалпы саны - 151** | 2025 жылдың желтоқсан айының 10-13 жұлдызында 7-9 класс оқушыларына «Стресс менеджмент» тақырыбында воркшоп жүргізілді.<br>Мақсаты: Психоэмоционалды күйзелісті жеңдіру, емтихан алдындағы қобалжуды стресті шығару. Стресс уақытында оқушының өз-өзіне қолдау беру әдістерін үйрету. |
| **11** | **7 класс** | **«Мейірімділікке қадам» тақырыбындағы буллингтің алдын-алуға байланысты воркшоп** | **Жалпы саны - 50**<br>/7 А,Ә класс барлық оқушылар қатысты/ | 2025 жылдың қаңтар айының 9-10 күндері 7 а,ә класс оқушыларына «Мейірімділікке қадам» тақырыбында квест ойыны ұйымдастырылды.<br>Мақсаты: Жасөспірімдерді бейбітшілікке, өзара түсіністікке және толеранттылыққа тәрбиелеу. Буллингті жеңу мотивациясын қалыптастыру, оқушылар арасында тиімді қарым-қатынас орнату. Кикілжің мен буллингтің айырмашылығын ұғындыру болатын. |
| **12** | **8-9 класс оқушылары** | **«Буллинг және кибербуллинг»тақырыбындағы воркшоп** | **8-9 класс оқушылары** | 2024 жылдың қараша айының 18-21 жұлдызы аралығында «Буллинг және кибербуллинг» тақырыбында 8-9 класс оқушыларымен воркшоп өткізілді.<br>Мақсаты : Оқушыларға буллинг туралы ақпарат беру, түрлерімен танысу, тигізетін зардаптарын айтып, осындай жағдайларда кімнен, қалай көмек сұрау қажеттігін ашық талқылап, алдын-алу шарасы жүргізілді. |
| **Профилактика және психологиялық ағарту жұмыстары бойынша мәлімет** | | | | |
| **1** | 7 класс ата-аналарымен | «Орта буындағы жаңа оқушы »7 сынып ата-аналарымен, 8-9 сынып ата-аналарына «Ата-ананың тәрбие моделі» тақырыптарындағы воркшоп | **7,8,9 класс ата-аналарына** | Ағымдағы оқу жылының 27,29,30 қараша күндері 7,8,9 класс ата-аналарына I тоқсан бойынша класс жиналысы өтті.<br>Мақсаты: Оқушыларға көрсетілген психологиялық қызмет барысында кеңінен тоқталып, жүргізілген жұмыстардың жалпы нәтижесі бойынша тұжырымдарын айтып, жоспардың мақсат, міндеттерімен толық таныстырып шықты. Сонымен қатар оқу жылы барысында оқушыларға қажетіне қарай ұсыныстар мен кеңестер берілгені айтылды. |
| **2** | **7 сынып ата-аналары** | **"Толағай" атты 7-9 сынып ата-аналары мен балалары арасында тимбилдинг** | **Жалпы саны-96**<br>• **7 «А,Б» класс саны- 50**<br>• **7 «А,Б» класс саны- 50**<br>**Ата – аналар-12** | • **Отбасы күнін мерекелеу аясында 2024 жылдың қыркүйек айының 12 жұлдызында "Салауатты отбасы-жарқын болашақ кепілі" атты 7-9 сынып ата-аналары мен балалары арасында тимбилдинг ұйымдастырылды**.<br>**Мақсаты**: жаңадан қабылданған оқушылар мен ата-аналар арасында достық, ынтымақтастық қарым-қатынас орнату және отбасылық құндылықтарды дәріптеу.<br>Лицей-интернат директоры Б.Ш. Омаров тимбилдингті ашып, топтарға сәттілік тілей отырып, белсенді ата-аналарға алғыс білдірді. Нәтижесінде:<br>1 орын "Достық" тобы 9"А" сынып<br>2 орын "Қыран" тобы 8"Ә" сынып<br>3 орын "Бірлік" тобы 7 "А" сынып<br>Белсенділік танытқан ата-аналарға, оқушыларға, қолдау білдірген класс жетекшілерге шексіз ризашылық айтылды. |
| **3** | **Лицей пед.ұжымы** | «Позитивті ой - жетістікке жетелер жол» воркшобы | Жалпы қатысқан саны-29 | Оқу жылының басында, 29 тамыз айында «Позитивті ой-жетістікке жетелер жол» тақырыбында педагогтарға арналған воркшоп өткізілді.<br>Мақсаты: педагогтардың жаңа оқу жылына жақсы ой, жаңа бастама, жақсы бағытта жаңадан келген ұстаздармен танысаотырып, позитивті көз қараспен, қадаммен жұмысқа кірісу болатын. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4 | **Сынып жетекшілер, тәрбиешілер** | «Әлің жетсе, әлімжеттікке жол берме» тақырыбындағы воркшоп | Жалпы қатысушы саны -21 | 2025 жылдың қаңтар айының 15 ші жұлдызында «Әлің жетсе әлімжеттікке жол берме» тақырыбында арнайы сынып жетекшілер мен тәрбиешілерге арналған воркшоп өтті.<br>Мақсаты: мұғалімдер мен тәрбиешілерге буллингтің несімен қауіпті екенін, алдын-алу шараларымен таныстырып, жәбірленушіге қалай ықпал, қолдау көрсете аламыз деген мәселелерге тоқталыпғ сынып жетекшілер, пән мұғалімдерінің жауапкершілікпен қарауының маңыздылығын және қағидалармен, пайдалану құралдарын нақты мысалдар мен жаттығуар арқылы түсіндірілді. |
| 5 | **8 класс оқушылары** | **«Гармондардың адам өміріндегі маңыздылығы» воркшоп** | ***Жалпы қатысушы саны: 52*** | 2025 жылдың 10 сәуірінде 8 класс оқушыларына гармондардың адам өміріндегі маңыздылығы мен атқаратын қызметі, тигізетін әсері жөнінде оқушылармен танысып, сұрақтар мен жауап арқылы, бейнероликтер көріп өздерінің ой пікірлерімен сұрақтарын қойып нақты мәліметтер алып, ой тұжырымдады. |
| 6 | **«АШЫҚ ЕСІК КҮНІ» /ата – аналар, мұғалімдер/** | **«АШЫҚ ЕСІК КҮНІ» аясындағы ата-аналармен кездесу** | • **Ата –аналар- 118**<br>• **Мұғалімдер - 27** | Әр тоқсан сайын ұйымдастырылып тұратын бұл шараға ата-аналар белсенділік танытып келіп тұрады. Дәстүрлі бұл шарада ата-ана баласының сабақ үлгерімін, тәлім-тәрбиесін, лицей ахуалымен танысып, сұхбаттасып, жілі лебіздерін білдіріп,үлкен әсерде болады. |

- **<u>Кеңес беру бағытында</u>** топтық және жекеленген оқушыларға, ата – аналар мен ұстаздарға ұсыныстар беріліп, оқу – тәрбие бағытында оң нәтижелі көрсеткішке жетуде педагогикалық – психологиялық қолдау уақытылы көрсетілді.

- **Ұйымдастыру – әдістемелік жұмыстар бойынша мәлімет:**

| Ұйымдастырушы – әдістемелікжұмыстар | Тақырыбы | Саны |
|---|---|---|
| **Білім жетілдіру курстары** | 1. «ӨРЛЕУ» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ «Білім беруде және білім беру арқылы гендерлік теңдікті сақтау үшін педагогтердің түйінді құзыреттері мен дағдыларын қалыптастыру» 40 сағ курс, 12.11-22.11.2024ж, Сертификат №0855509.(Сертификатқа қосымша)<br>2. | **2** |
| **Халықаралық тамыз конференция СПИКЕРІ және қатысушысы** | 1. «Халықаралық Педагогика Академиясы» халықаралық қоры, «Ақтөбе - Дарын» өңірлік ғылыми – тәжірибелік қосымша білім беру орталығы «Дарынды балалармен жұмыс заманауи білім берудің тиімділігі мен сапасын арттыру факторы ретінде» тақырыбында онлайн халықаралық тамыз конференциясы Спикері ретінде «Сертификат» және қатысушысы ретінде «Сертификат» №126, 23.08.2024ж. | **2** |
| **Халықаралық тамыз конференциясының ЖИНАҒЫ /жинақ-кітапша/** | 1. «Халықаралық Педагогика Академиясы» халықаралық қоры, «Ақтөбе - Дарын» өңірлік ғылыми – тәжірибелік қосымша білім беру орталығы «Дарынды балалармен жұмыс заманауи білім берудің тиімділігі мен сапасын арттыру факторы ретінде» Халықаралық тамыз конференциясының ЖИНАҒЫ. 23.08.2024ж. | **1** |
| **Әдістемелік құрал** | 1. «ӨРЛЕУ» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ «Ақтөбе облысы бойынша Кәсіби даму институты» жанынан шығарылған Білім беру ұйымдарының педагог – психологтары Г.Т.Оспанова, К.К.Жантикенова, М.К.Истигулованың «PSYCHOLOGICAL КАЙДЗЕН – ҮЗДІКСІЗ DAMU» тақырыбындағы әдістемелік құралыжәне оныңаудандарға таратылуы-28.03.2025ж. | **1** |
| **Республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінде психолог – жаттықтырушы** | 1. Ақтөбе - Дарын» өңірлік ғылыми – тәжірибелік қосымша білім беру орталығы ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінде психолог – жаттықтырушы «Сертификат» 29.10-01.11.2024ж.<br>2. «Ақтөбе - Дарын» өңірлік ғылыми – тәжірибелік қосымша білім беру орталығы жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінде қатысушыларға психологиялық қолдау көрсетіп, тренинг өткізгені үшін «Алғыс хат», 5-9.01.2025ж | **2** |
| **Республикалық WORKSHOP семинар Спикері** | 1. Ақтөбе - Дарын» өңірлік ғылыми – тәжірибелік қосымша білім беру орталығы, «SANA» зияткерлік орталығы «Заманауи білім беру жағдайында педагогтің кәсіби өзін – өзі жетілдіруі және дамуы» тақырыбындағы республикалық WORKSHOP семинар Спикері «Сертификат» № PWC-01/1. 23.11.2024ж.<br>2. «Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы» «Ынтымақтастық: Мектептердің үздік тәжірибесі» атты облыстық жоба аясында белсенді жұмыс жасап, іс-тәжірибе таратқаныңыз үшін АЛҒЫС ХАТ. 23.05.2025ж. | **2** |

| | | |
|---|---|---|
| **Облыстық семинар СПИКЕРІ /облыстық семинар-тренингте өз іс – тәжірибесімен бөлісу/** | 1. «Ақтөбе - Дарын» өңірлік ғылыми – тәжірибелік қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен «PSYCHOLOGICAL КАЙДЗЕН –ҮЗДІКСІЗ DAMU» атты облыстық психологиялық тренингте іс – тәжірибесін бөлісіп, психолог-тренер болғаны үшін СЕРТИФИКАТ, 28.02.2025ж және осы тақырыпта онлайн семинар 28.03.2025ж.<br>2. Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы, «Заманауи сабақ-тиімді және сапалы білім берудің негізі» облыстық-шебер-класында іс-тәжірибесін кәсіби шеберлікпен көрсеткені үшін АЛҒЫС ХАТ, 11.03.2025ж.<br>3. «Ақтөбе - Дарын» өңірлік ғылыми – әдістемелік қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен «Дарынды баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуындағы отбасының рөлі» онлайн облыстық семинар-коучинг 30 сәуір 2025 жыл. | **3** |
| **Облыстық оқыту семинарына қатысушы** | 1.«ӨРЛЕУ» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ «Саналы бала тәрбиесі: ата-ана мен ұстаздың рөлі» тақырыбындағы семинарға қатысқаны үшін Куәлік, 15.01.2025ж | **1** |
| **Пәндік олимпиада** | 1.Ақтөбе - Дарын» өңірлік ғылыми – тәжірибелік қосымша білім беру орталығы «ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОНКУРС» Психологиядан І дәрежелі Диплом, 30.09.2024ж. КСПК№38.<br>2.Ақтөбе - Дарын» өңірлік ғылыми – тәжірибелік қосымша білім беру орталығы, «Үркер» зияткерлік орталығы «ПолиМат» республикалық эвристикалық онлайн марафоны Психологиядан І дәрежелі Диплом, №5976. 28.10-30.11.2024ж. | 2 |
| **Оқушы жетістігі** | 1. Ақтөбе - Дарын» өңірлік ғылыми – тәжірибелік қосымша білім беру орталығы 2-7 сынып оқушылары арасында «Зерде» республикалық зерттеу жобалары конкурсының олбыстық кезеңінде «Медицина, психология, экология» секциялары бойынша үздік нәтиже көрсеткені үшін ІІІ дәрежелі Диплом;<br>Оқушы: 7 «Ә» класс Жонысов Ахмет, Мусаев Мағжан<br>Жетекші: Жантикенова Кенжегуль Картбаевна<br>№000272. 15.11.2024ж.<br>2. "Ақтөбе -Дарын" өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен «Мамандықтар әлемін ашамыз» атты республикалық форумның облыстық кезеңіне қатысып «Жас мобилограф» - бейнероликтер мен бейнесюжеттер номинациясы бойынша шығармашылық қабілетін жоғары дәрежеде көрсете білгені үшін 9 А сынып оқушысы Мухтубаев Али І дәрежелі дипломмен марапатталады<br>- ІІ дәрежелі Диплом 9"Ә" сынып оқушысы Бодаш Қасым<br>- ІІІ дәрежелі Диплом 9"Ә" сынып оқушысы Орал Али<br>Жетекшісі: психолог Жантикенова Кенжегуль Картбаевна<br>3. "Ақтөбе -Дарын" өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен «Туған өлкем мақтанышым» арт-жоба байқауына қатысып ,шығармашылық қабілетін жоғары дәрежеде көрсете білгені үшін 9 Ә сынып оқушысы Бодаш Қасым жоғары дәрежелі ІІ орынмен марапатталады<br>Жетекші: Жантикенова Кенжегуль Картбаевна<br>4. "Ақтөбе -Дарын" өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен «Қазақстан балалары шексіз әлемде » балалар киносының республикалық фестивалінің облыстық кезеңіне қатысып, шығармашылық қабілетін жоғары дәрежеде көрсете білгені үшін 9 А сынып оқушысы Жандаулет Асхат І дәрежелі дипломмен марапатталды<br>Жетекші: Жантикенова Кенжегуль Картбаевна | 6 |

Психолог К.К.Жантикенова